

"Шығыс Қазақстан облысы бойынша 2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 140 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 23 қазандағы № 255 қаулысы.
Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 29 қазанда № 9099-16 болып тіркелді

Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шығыс Қазақстан облысы бойынша 2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 140 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9043-16 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің табиғи ресурстар мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Е. Кошербаев

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Шығыс Қазақстан
облысы әкімдігінің
2024 жылғы 23 қазандағы
№ 255 қаулысына қосымша

Шығыс Қазақстан
облысы әкімдігінің
2024 жылғы 14 маусымдағы
№ 140 қаулысына қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы бойынша 2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру
паруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық
өсіруді дамытуды субсидиялау көлемдері**

№	Субсидиялау түрлері	Өлшем бірлігі	Субсидияланатын көлем	Субсидия сомасы, мың теңге
1.	Балық азықтарын сатып алу шығыстарын өтеуге субсидиялар			
1.1	Албырт тұқымдас балықтар мен олардың будандары	килограмм	1 655 154	446 891,6
1.2	Тұқы тұқымдас балықтар мен олардың будандары		13 295	1 396,0
Барлығы:				448 287,6
2.	Балық өсіру материалын сатып алу шығыстарын өтеу субсидиялары (албырт, тұқы тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін)			
2.1	Албырт тұқымдас ұрықтанған 1 (бір) дана уылдырық	дана	4 229 650	21 148,3
2.2	Албырт тұқымдас шабағы (10 граммға дейін)		280 000	7 000,0
2.3	Тұқы тұқымдас шабағы (30 граммға дейін)		166 405	2 496,1
Барлығы:				30 644,4
Жиынтығы:				478 932